

«Қатігездік пен зорлық, зомбылықсыз балалық шақ»



«Бестөбе орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде құқық он күндігі болып өтті. Қазақстан Республикасында «Бала құқығы - адам құқығы» атты он күндігінде (10.11-20.11) мектебімізде мынандай жұмыстар атқарылды. «Бала құқығы - адам құқығы» тақырыбында онкүндіктің іс шара жоспарымен яғни алдағы күндері атқарылатын жұмыстарымен лездемеде оқушыларды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұ. Сұраншиева және құқық пәнінің мұғалімі Н.Б. Карашалова таныстырды. Облыстан «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігі келді. Бұл онкүндікке ата-аналармен жиналыс өтті, дөңгелек үстелдер өтті. Қатігездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында Әлеуметтік педагог Н. Муратова мен психолог Н. Абдикеримова қайырымдылық акциясын жандандырды. Қайырымдылық акциясында аз қамтылған және көпбалалы отбасындағы балаларға сыйлықтар

берілді. «Бақытты ана- бақытты бала - бақытты ел» тақырыбында Ұ. Сұраншиева мен Н. Карашалова ата-аналармен кездесу ұйымдастырып, ата-аналардың арасында ойындар ұйымдастырды.

5-11 сыныптар арасында «Құқығым бар» тақырыбында эссе байқауы болды, эссені өте жақсы жазған оқушылар 9-11 сынып оқушылары. Осы сыныптағы оқушыларға марапаттар берілді.

«Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында Бала құқықтары конвенциясымен III тараудың 8-9-10 баптарымен «Баланың негізгі міндеттері» жайлы таныстырып, түсіндіріп құқық пәнінің мұғалімі Н. Б. Карашалова жұмыстар жүргізді. 9-11 сынып оқушылары челлендж жасады. Қыркүйек айынан бері мектеп пішілік, аудандық және облыстан орын алаған оқушылардың жетістіктері жайлы айтылып ол оқушылар марапатталды. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қ. Үскібаев «Әр баланың құқығы бар» тақырыбында сурет байқауын өткізді. Сурет байқауына мектебіміздің оқушылары өте жақсы атсалысты. Түнгі рейд бойынша жоспар жасалып, бекітіліп жұмыстар жүргізіліп отырды. Жылысай округінің полиция инспекторы Аққозы Думан мен «Құқық сабақтары – өмір сабақтары» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып, оқушылар полиция инспекторы Д. Аққозыға сұрақтар қойып, полиция инспекторыда құқық жайлы оқушыларға тың мәліметтер берді. «Өмір ағашы. Менің шежіремнің тарихы» тақырыбында Ұ. Сұраншиева мен Қ. Үскібаев оқушыларымыз бен мектебіміздің мұражайына саяхат жасады.

Назира ҚАРАШАЛОВА,
Тарих-география пәнінің мұғалімі.

Сіз кімсіз?

Қазіргі қоғам өзгешелеу бұрыннан... «Дамудың ғасырында, кемітіліп ке бара жатырмыз ба?» деген сұрақ мазалайды. Бабаларымыздың батырлығын жырласақ, өзіміздің әуесемізді білеміз. Олар бас болған, би, хан, ақын, сал, сері болған. Ал бүгінгілер ше? Бүгінгілер, олар кімдер? Олар бабасының батырлығымен мақтанып, өздері биікте тұрғандай көрініп, етекте ғұмыр кешкендер. Олар бұрынғының ерлігін ту етіп, өздері ездик қылғандар. Жо-жоқ олар адамдар?! Адам деген кім? Күллі жаратылыстан ақыл есімен бір саты жоғары тұрғандар ма? Ақыл-есі бола тұра, надандық қылғандар ма? Көкірегі шер мен шелге, ойлары байлық пен ақшаға байланғандар ма? Жоқ әлде, руханияты лайланғандар ма? Анасын қарттар үйіне түнетіп, әкесіне жекіргендер ме? Атасын ұрып, тойғаннан кекіргендер ме? Әжесінің ақ жаулығын кірлеткендер ме? Шен-шекпенділерді үлгі еткендер ме? Бесіктен белі шықпай арсыздықпен айналысқандар ма? Үйде отырып үкіметті сөз етіп, өздері сүттен ақ судан таза болғандар ма? Баласын қоқысқа тастап,

жанның жасын көздің жасымен шатастырғандар ма? Реті келсе, қалтаның құлқынын ойлап, қаражат жымқырғандар ма? Ақшамен шештім, таныстың тамырын бастым деп, билікке ұмтылып, билікті биік санағандар ма? Айфонның санына қарай дәреже көтеріледі деп несиеге алып, өзін бай санайтындар ма? Басшыны Құдайындай көріп, жағымпаздықтың шыңына жеткендер ме? Өзінде бар болып, өзгеде жоқты көріп, барлығына масаттанатындар ма? Арам ақшаға сапалы күн кешкендер ме? Дүние дейтін қоңызға құл болғандар ма? Кінәсізді кіналап, ар алдында ақшаға ах ұрғандар ма? Кешіріңіз, олар өмірді жай сүріп жатқан тұрғындар! Адам деп жаратылып, жол мен жөнін білмегендер...

...Ғұмырды бәрі сүреді, тек ұлылардың артында

із қалады. Шынымен... Тең тізесі намазда түйісіп, құбыласын бес уақыт түгендеп, Жаратқанның алдында дәрменсіздігін мойындайтындар, маңдай тер адал еңбекпен табыс тауып, жетпесе де ұядай үйде бір үзім нанды бір шаңырақта отбасымен бөліскендер. Жұмысында пара берсе, Алланың көріп тұрғанын жүрекке байлап, ар алдында таза болғандар. Бір жанның болса да кәдесіне жарайын деп, үлкенге құрмет, кішіге ізетін көрсеткендер. Өмір мен өлімнің ара жігін ажыратып, бес күндік сәулені өткізші деп, жан дүниесіне қабылдағандар. Құдайдың алдында жауап беретінін түйсігіне түйгендер. Елі мен жерін адал ақ көңілімен сүйгендер. Өзгемен сынын емес, өзінің мінімен күрескендер. «Шүкірін» жүрекке байлағандар. Бұлар кімдер?

Сіз кімсіз?

Әділет ЧУКЕНОВ,
«Qarqara».

Аудан әкімдігі, аудандық Мәслихат, аудандық ақсақалдар мен аналар кеңесі, Қоғамдық кеңес, «Аманат» партиясының филиалы, аудандық «Қарқара» газетінің ұжымдары

Мұса ЖАНӘДІЛОВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты отбасы, туған - туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ХАТУ-да студенттік өмірді түрлендіру шаралары



Халықаралық ақпараттық технология университетінде кәсіби білім алу ғана емес, жеке тұлғаның дамуына да ықпал ететін барлық жағдайлар жасалған. Түрлі жобалар, ай сайын әртүрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады. Оқу әрқашан да бірінші орында, бірақ университеттегі ең жақсы жылдарды ашық түстермен сұйылта керек. ХАТУ-дың табалдырағын жаңадан аттаған студенттер үшін көптеген іс-шаралар өтті, өзіне ұнайтын бағыттарға қарай әртүрлі ұйымдарға кіріп, белсенділер қатарынан қазіргі таңда көрініп жүр. Таныстыру кештері, әртүрлі сайттарды ашқан ғалымдар біздің универге келіп, өз білетіндерімен бөлісті.

Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде Республика күнін мерекелеу қарсаңында студенттер белгілі ақын, жазушы, журналист Алмас Ахметбекұлымен кездесті. Ақын ағамыз «көк тудың желбірегені» әнінің авторы болып табылады. Алмас Ахметбекұлы студенттерге қазіргі әлемдегі халықаралық жағдай, өз еліне деген махаббаты мен сүйіспеншілігін, жастардың бойындағы мақтаныш сезімі жәйлі сөйлесуге қуанышты болды. Студенттерге өзінің ақыл, кеңестерімен бөлісіп өзінің туындыларынан бірер шумақ өлеңдерін тарту етті.

2022 жылдың 20-21 қазан аралығында Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде «Білім, ғылым және өндірістегі цифрлық технологиялар-2022» жетінші халықаралық конференциясы өтті.

Конференцияның негізгі мақсаты-цифрлық даму саласындағы соңғы ғылыми нәтижелерді талқылау, зерттеу міндеттерін тұжырымдау және оларды шешудің тәсілдері мен құралдарын белгілеу. Конференция цифрлық дамудың көптеген өзекті мәселелерін қамтиды. Конференция аясында 6 секция ұйымдастырылды:

1. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және білім инженериясы
 2. Смарт технологиялар және IoT
 3. Деректер туралы ғылым
 4. Киберқауіпсіздік, ақпараттық коммуникация-байланыс жүйелері мен желілері
 5. Математикалық және компьютерлік модельдеу
 6. Әлеуметтік дамудағы цифрлық технологиялар экономикалық жүйелер
- DTESI конференциясына әртүрлі университеттер мен елдерден ғалымдар мен зерттеушілер, оқытушылар қатысты.

2022 жылдың 4 қараша күні 1 курс студенттерін қарсы алу кеші ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті. Таңымал сахна жұлдыздары Сали мен Абдүлшақырылды. Кеште 700 ден аса студент қатысты.

15 қараша күні Тілдер кафедрасының ұйымдастырумен Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Ахмет Байтұрсынұлы-ұлтымыздың ұлы ұстазы» атты іс-шара өтті.

Іс-шараға Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры Қапалбек Бижомарт Сейсенбекұлы, Алматы Қоғамдық даму басқармасының жобалау кеңесшісі, ғылым және білім беру ортасымен өзара байланыс бойынша бөлім жетекшісі Бақытгүл Қасыметова Техникқызы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, «Ахмет-ұлы ұстаз» фильмінде Ахмет Байтұрсынұлын сомдаған актер Байғали Есеналиев Мақұлбекұлы шақырылды.

Кеш қонақтары студенттердің жұмыстары мен баяндамаларына өз бағаларын беріп, ойларын ортаға салды және де 1,2,3 орындарға лайықты жұмыстарды атап өтіп, оқушыларға дипломдарын табыстады. Университет басшылығына, ұйымдастырушыларға және студенттерге өз алғыстарын білдіріп, болашақ жастарыңның қолында екенін атап айтты.

ХАТУ іргетасы қаланғаннан бері «Театр айы» деп аталатын керемет дәстүр 2009 жылдан бері жалғасын тауып келеді. Әртүрлі мамандықта оқып жүрген студенттер Абай ат. ҰОБТ-қа, М. Лермонтов ат. Ұлттық орыс драма театрына, М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрына, сонымен бірге Корей тетарына барды. Мен журналистика мамандығында оқимын және орыс тілі пәні бойынша бізде дәстүрден қалмай Лермонтов атындағы тетарға барып қойылым тамашалаған болатынбыз. Студенттердің ойын сергітетін осындай керемет дәстүрдің болғаны қуантады.

«AIBAT» жаңалықтар қызметінің кеңже тілшісі, журналист, креативті stand-uper Жансұлу Жиенқұл ХАТУ-дың 1 курс студенттерімен кездесу өткізді. Болашақ журналисттер Жансұлу ханымға көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, телевизияның болашағы туралы өз пікірімен бөлісті. «Досыңа қарап адамды таны» - демекші, «Журналистік материалға қарап журналисті» - дер едім. Әр медиа маманы үшін оның жазған, жасаған жұмысы әрдайым өзінің деңгейіне сай болуы шарт.

Студенттік өмірдің қызық өтуі өзіңе байланысты. Халықаралық Ақпараттық Технология университеті студенттерге арнап әлі алдыда талай жобалар ұйымдастырады. Болашағын бағамдап, күш қайратын білімге, өнерге жұмсамақ болып келген, талабы таудай қыз-жігіттерде жетерлік жоғарғы оқу орнында.

Дильназ НҮСІПЖАН,
ХАТУ-дың 1 курс студенті.